

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ: ТІЛДІК ДАҒДЫЛАР

Әдістемелік ұсыным
Мұғалімдерге арналған

Тыңдалым



Айтылым



Оқылым



Жазылым



Қарағанды облысы білім басқармасының
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
Қарағанды облысы білім басқармасының «№1 арнайы мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Келісілді
Қарағанды облысының
білім басқармасының
«№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ
директоры
Тлегенова А.М.
«15» 04 2024 жыл



Бекітемін
Қарағанды облысында білім
беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
Басшысы
Абдикерова Б.Х.
«15» 04 2025 жыл



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ:
ТІЛДІК ДАҒДЫЛАР**

Әдістемелік ұсыным

Автор:

Турсунова Гульшат Конуспековна – Қарағанды облысы білім басқармасының «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог- сарапшы.

Рецензент:

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. Саменова С.Н.


«№15 Жалпы білім беретін мектеп» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-зерттеуші Бакирова А.Д.

Ұсынылды:

Қарағанды облысы білім басқармасының «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ Әдістемелік Кеңесі

Хаттама № 5 «15» сәуір 2024 ж


Хатшы: бастауыш сынып мұғалімі Яковлева С.А.



Облыстық Сараптама Кеңесі

Хаттама № 4 «15» 2025 ж

Хатшы: әдіскер



МАЗМҰНЫ

Түсінік хат	4-5
1. Тілдік дағдыларды дамыту жолдары	6-7
2. Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру	8-14
3. Мәтінмен жұмыс жасаудағы тілдік дағдыны арттыруға бағытталған тапсырмалар	15-24
Қорытынды	25-27
Пайдаланылған әдебиеттер	28

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы білім беру жүйесі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және "Біртұтас тарбие" мемлекеттік бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, көру қабілеті бұзылған балаларды қоса алғанда, оқушылардың барлық санаттарын табысты әлеуметтендіру, кәсіби қалыптастыру және тұлғалық дамыту үшін қажетті оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған. Инклюзивті білім беру контекстінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға, соның ішінде көру қабілеті бұзылған балаларға ерекше назар аударылады. Осы тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында осындай оқушылардың оқу сауаттылығын табысты қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістемелік тәсілдерді әзірлеу өзекті болып отыр. Орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламаның ХХІ ғасырдың өзгермелі әлемінде табысты болуға қабілетті, жоғары өнегелі, шығармашыл, өзіне сұрақ қоя отырып, сыни тұрғыда ойланаалатын тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту жолдарын қарастыру негізгі мақсаты болып табылады. Негізінен, жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Төрт дағды коммуникативтік дағдылар: оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары болып табылады. Аталмыш дағдыларды меңгертудің өзіне тән ішкі ерекшеліктері бар. Сондықтан өтілетін тақырыпты жоспарлауда әр дағдының өзіндік ерекшеліктерін тиімді құрастыра білу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Орта білім беру білім алушылардың әмбебап білімінің, икемділігі мен дағдыларының, құзыреттілігінің біртұтас жүйесін қалыптастыруы тиіс. Қазіргі білім беру үрдісінің мәні білім беру мазмұнын жаңарту, білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытуға ықпал ететін білім беру ортасын құру. Білімді өз бетінше толықтыра білуді қалыптастыру, ақпараттың қарқынды ағымында бағдарлай білуді қалыптастыру болып табылады. Оқу сауаттылығы негізгі ақпаратты табу, интерпретация жасау, рефлексия және бағалаудан тұрады. Оқу сауаттылығын мәтінмен жұмыс жасау арқылы қалыптастыру – оқушы оқып отырған мәтінді толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі, өз ойларын, көзқарастарын айта білу, қорытынды шығара білуі. Сонымен қатар мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы оқушыларды қазақ халқының рухани құндылықтарын, салт-дәстүрлерін құрметтеуге және алған білімдерін өмірде қолдана білу үйрету.

Өзектілігі: көру қабілеті бұзылған оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру, олардың әлеуметтік бейімделуі, кәсіби өзін-өзі анықтауы және қоғамға сәтті интеграциялануы үшін маңызды. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес білім берудің негізгі қағидаттары олардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктеріне қарамастан барлық балалар үшін сапалы білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, өкінішке орай, Қазақстанда отандық тифлопедагогика бойынша материалдар өте аз. Бұл мәселені зерделеу кезінде көрші елдердің ғылыми көздері мен тәжірибелеріне жүгіну қажет. Осыған байланысты көру қабілеті бұзылған оқушылардың оқу сауаттылығын және сыни ойлауын дамытуға бағытталған оқытудың өзіндік тиімді әдістерін әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Мақсаты: жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында нашар көретін оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқу бағдарламасы

бойынша білім беру бағдарламасын басшылыққа алған жөн. Оның әр бөлімінде оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға жеткізетін мақсаттар ұсынылған.

Міндеттері:

- 1.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздерін талдау.
- 2.Көру қабілеті бұзылған балаларға қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ерекшеліктерін қарастыру.
- 3.Оқушылардың осы санатында оқу сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен практикалық тәсілдерді әзірлеу.
- 4.Көру қабілеті бұзылған оқушыларға бейімделген дидактикалық материалдарды ұсыну.
- 5.Қазақстан Республикасының Білім беру стандарттары контексінде ұсынылатын әдістемелердің тиімділігін бағалау.

Күтілетін нәтиже:

Тапсырмалар жинағын оқылым тапсырмаларын орындату барысында пайдалана отырып, оқушылардың мәтінді түсіне оқуына, ақпаратты іріктеп, пайдалануға, қорытынды жасау мен бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік болады.

Бұл әдістемелік ұсынымда мұғалімдерді көру қабілеті бұзылған оқушылармен тиімді жұмыс жасаудың теориялық негіздерімен және практикалық құралдарымен таныстыру үшін жасалған. Оған зағип және нашар көретін оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдер мен мәтіндік оқу материалдар енгізілген. Мәтіндер 5-6 сынып оқушыларына ұсынылады. Келтірілген мәтіндерді көру қабілеті бұзылған оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ететін тиімді оқу процесін ұйымдастыру үшін мұғалімдердің жұмысында қолдануға болады. Оқу құралы инклюзивті сыныптарда және арнайы оқу орындарында жұмыс істейтін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің практикалық қолдануына арналған.

1. ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту мемлекеттік тілді оқытудың біртұтас жүйесіне кіреді. Сонымен қатар мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың негізі болып табылады.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты - оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Басты мақсатымыз – дұрыс сөйлеуге, дұрыс оқуға және сауатты жазуға үйрету. Осы мақсатқа жету үшін лексика мен қатар грамматикаға да назар аударып отырған жөн. 5-сыныпта фонетиканы өтсе, келесі сыныптарда қайталану керек. Сонымен қатар коммуникативтік дағды мен оқу сауаттылықты қалыптастыру керек. Ал оқу сауаттылыққа жету үшін тек фонетика ғана емес, тіл деңгейлері түгел үнемі қайталанып отыруы керек. Сөйлеу, оқу, жазу кезінде жіберілген қателерді үнемі сол жерде түзеп отыру – дұрыс сөйлеу, дұрыс оқу мен сауатты жазу дағдысын қалыптастыру кепілі.

Тіл дамиды, оны дамытатын – жеке адам. Қазақ тілін дамытатын, оны өз саласына жетектеп апаратын сол жерде кәсіби қазақ тілін, терминдік аппаратын қалыптастыратын осы санаттағы мамандар. Орта мектептегі қазақ тілінің мақсаты – алдымен, коммуникативтік дағды қалыптастыру. Бұл жоғарыда келтірілген мақсатта да алғашқы орында тұр. Онда грамматиканы оқыту да айтылған, бірақ дұрыс сөйлеу мен сауатты жазуды қамтамасыз етіп, екінші орында жүріп отыратындықтан, үшінші орында тұр. Бүгінгі басты мәселеміз – бесінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін баланың дұрыс сөйлеуі мен сауатты жазуына қажетті грамматиканы шиыршықтау әдісімен қалай жүйелеп беруге болады. Жаңартылған бағдарламада грамматикалық тақырыптар жүйесіз шашылып жатыр. Ал біздің мақсат – екінші тіл болғандықтан, бастауыш сыныптан бастап, қарапайым сөйлемдерді тіл нормасына сай жазу, шағын мәтіндер тудыра алу. Қойылған сұрақты түсіне отырып, сол сұраққа жауап беру. Өз ойын жеткізу, сұрақ-жауап диалогын жалғастыра алу сияқты қарапайым міндеттерден тұрса, жоғары сыныпта барлық бес стильде мәтіндер тудыра білу дағдысын қалыптастыру.

Қазақ тілін оқыту барысында тақырыптың мазмұнына сай күнбе-күн жиі кездесетін әдістерге түсінік беріп өтсек:

Түсіндіру әдісі: Бұл әдіске ауызша баяндау — түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап түрлері жатады.

Кітаппен жұмыс істеу әдісі: Мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау — анықтама, түсініктер, жоспар, конспектiлеу, тезис, газет, журнал, сөздікпен, т.б. жұмыстар.

Көрнекілік әдіс: экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пайдалану, т.б. техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің бірі—демонстрациялық әдіс: экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагменті т.б. техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің тағы бір түрі кодоскоп, эпидоскоп, лингофон, компьютермен жұмыс т.б.

Жаттығу әдісі: ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс тақтамен жұмыс, өз бетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы.

Баяндау әдісі: қазақ тілінен оқушыларға белгілі тақырып бойынша берілетін білімді мұғалімдердің түсіндірудегі әрекеті - ауызша баяндаудан басталады. Мұғалімнің оқушыларға жаңа білімді баяндап айтып беруін — ауызша баяндау әдісі дейміз. Ауызша баяндау әдісі оқушылардың жас шамасына қарай, қысқа, не ұзын баяндалуы мүмкін. Мұғалім күні бұрын өзінің баяндайтын сөзін ойланып алуы керек. Егер бұрын баяндау жолына ысылмаған болса, мазмұндаманың жобасын жазып алғаны жөн. Ауызша баяндап, мазмұндап берудің үш түрі бар: әңгіме әдісі, түсіндіру (объяснение), лекция түрі.

Әңгіме әдісі – көбіне сұрақ-жауап арқылы диалогтық сөйлеу формасында жүреді. Мысалы, қазақ тілінен «сөз жасамын», «сөз тіркестерін» өткенде, оқушыларды өздігінен іздендіру үшін сұрақтар қойғызып, оған жауап қайтарғызу. Жауаптардың дұрыс-дұрыс еместігін оқушылардың өздеріне айтқызу. Міне, осы естерінде жақсы сақталады. Әңгімелесу түрлері жаңа материалды түсіндіргенде білім жүйесін әңгімелеу. Білімді қорытындылағанда – әңгімелесу, ауызша сұрау-жаттығулар тексергенде – өткен материалдарды қайталағанда бала оқып білгенін саналы түрде меңгерген сәттерін білу үшін жүргізіледі. Әдісін жақсы ұйымдастыру – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Айта кету керек, оқушылардың өтілген пәнді түсініп, белсенді қатысуы үшін әңгіменің эвристикалық түрі, кеңес үкіметі тұсында пайда болған еді. Эврика — грек сөзі — табамын, ашамын деген ұғымды береді. Сондықтан қазіргі уақытта әр тақырыптың ережесі проблемалық жағдайлар туғыза отырып, оқушыға сол пәннің түйінін таптыру әдісі кең өріс алуда.

Түсіндіру әдісі – қазақ тілінен берілетін белгілі бір тақырыпты түсіндіруде мұғалім көрнекі құралды, кестені, т.б. құралдарды пайдалана отырып, сабақтың мазмұнын түсіндіреді. — «Бүгін сіздерге түсіндірілетін жаңа сабақ тақырыбы мынадай» - деп, бастап кетеді. Түсіндіру барысында оқушылардың назарын аударып отырып, әр түрлі әдіс-тәсілді пайдаланып, қызықты түсіндірсе, онда олар проблемалық мәселені өздері шешуге талаптанады. Мысалы: 5- сыныпқа қазақ тілінен зат есім, сын есім, сан есімді түсіндіргенде сөйлем құрату, сұрақ-жауап арқылы ережені, анықтамаларды өздері құрап шығады.

Лекция әдісі - жүйесін тауып айтылған сөз жүрекке жетіп, жүйкені босатады. Адам мәдениетінің алғы шарты дұрыс сөйлей білу. Сөйлей білу де өнер. Тілін білмеген, түбін білмейді. Ондай адам күлдірем деп, күйдіреді, сүйсіндірем деп сүріндіреді. Білдірем деп бүлдіреді, қуантам деп қуартады, келтірем деп кетіреді, жұбатам деп жылатады, және осы секілділерді мысалға келтіріп, лекция оқи береді... Сөйтіп, мектеп лекциясы жай ырғақпен, көбіне қазақ тілінен өткен материалдарды қайталауда, немесе соған қосымша ретінде, не күрделі түрде лекция оқылуы арқылы тақырыпқа түсінік беріледі. Бұдан кейін сұрақ-жауап бере отырып, оқушының қаншалықты білім игергенін байқайды. Әрі қарай жаттығу жұмысы жүргізіледі.

2. ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖӘНЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУҒА DAҒДЫЛАНДЫРУ

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі өте зор. ХХІ көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. ХХІ ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс.

Әр баланың бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету. Оқушының табиғи қасиеттерін пәндік білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру керек. Өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады.

Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелеп, қызығушылығын ояту маңызды. Сонымен қатар шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Оқушылардың танымдық, интеллектуалдық қабілеттің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдылары қалыптастырады.

Қазіргі таңда оқу үрдісінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдері мен технологиялар сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Оқушылардың сыни ойлауы:

1. Өзінің және оқушылардың айтқан жауаптарына салыстыра отырып ойлана білу қабілеті;
2. Өзінің және басқа оқушылардың идеяларына, берген жауаптарына күмәнмен қарау қабілеті;
3. Негізі ойын жинақтау қабілеті
4. Белгілі бір шешім қабылдауға, сыни тұрғысынан ойлану арқылы жүзеге асыру қабілеті деп түсінемін.

Оқушылар нені үйренді?

Топпен жұмыс істеді, жаңаша ойлауды;

Нақтылық пен жүйелі оқуды, пікірлесуді;

Өзгенің пікірін тыңдауды;

Қалай оқу керектігін;

Ойын еркін жеткізуді, кеңесуді;

Сыни тұрғыдан ойлауды, елестетуді, қиялдауды, болжам жасауды.

Оқушының бойынан нені байқадым?

Сыни тұрғысынан ойлай алатын терең ойлы, зерттеуші;

Ойын жинақтап, рефлексия жасай алады;

Ақылды, парасатты, ізденімпаз;

Сыни тұрғыдан ойлау ең маңыздысы болғандықтан, ойлай отырып мәселелерді талқылайды (өз деңгейлері, шамалары келгенше). Оқушыларға шығармашылық бағыт-бағдар бере отырып, үздіксіз іс-әрекетке жетелеуге болады.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтылық, адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Білімді әрі сауатты адамдар — бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Ал баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасында басталады. Қазіргі мектептердегі оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа әдіс-тәсілдерден, технологиялардан құралады. Демек, баланың білімі ерекше болуы, ол білімнің нәтижелі болуы пән мұғалімінен жауапкершілікті талап етеді.

Мұғалім оқушыны сыни тұрғыдан ойландырғысы келсе:

1. Жас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмаларды беру;
2. Тапсырма берілгеннен соң, белгілі бір уақыт мөлшерін белгілеу;
3. Проблемалық мәселелердің дұрыс шешімін табу керектігін түсіндіру;
4. Топта бір-бірімен пікір алмасып, диалогтық қарым-қатынасты орнатуды, бірінің пікірін бірі тыңдауды, келесі адамның пікіріне күмәнмен қарауды түсіндіру;
5. Өз пікірін дәлелдеуге мүмкіндік туғызу;
6. Оқушының берген жауабының мағынасына назар аударып, мұқият тыңдағаннан соң, әділ бағалауы қажет

Сыни тұрғысынан ойлаудың тиімділігі:

1. Оқушының сөздік қоры артады;
 2. Өз бетінше, жұппен, топпен жұмыс жасайды;
 3. Білім алуға өзі жауапты екенін сезінеді;
 4. Шапшаң, тез ойлау, сөйлеу қабілеттері шыңдалады;
 5. Өз пікірін білдіріп, оны қорғай білуге үйренеді.
 6. Ұяң, көп сөйлемейтін оқушылардың сөйлеу қабілеттері ашылады
- Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды.

Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғыштары болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай-ақ рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу – осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Өзін-өзі тану баланы жолдастары арасында өзін сыйлата білуге, өзін-өзі жетілдіріп басқадан үлгі алуға, қоршаған орта жағдайында өзін - өзі бағып алуына, өз бетінше бір шешім айта алуына, әр іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – бала шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оны тұлғалық тұғырға көтеру. Шығармашылық тұлғаны дамытудың ең тиімді тәсілі. Күнде өзгеріп отырған аласапыран өмірде аман қалу, биіктерге беттеу, нәтижелерге жету тек қана шығармашыл адамдардың қолынан келеді. Және бұл мәселені неғұрлым ерте қолға алса, соғұрлым нәтижелі болатындығы ғылымда дәлелденген. Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім-білік, дағдыларды меңгерте отыру қажет. Жаңа педагогикалық технологияларды шебер пайдалана білу арқылы оқыту үрдісін демократияландыру және ізгілендіру. Сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету. Сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық

қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Сын тұрғысында ойлау барысындағы стратегияларды білімді меңгерудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болады.

Сын тұрғысынан ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады. Мұғалім мен оқушының белсенділігін арттыруда қолдануға болатын бірден-бір әдіс деп айтар едім. Бұл әдіс оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, жаңа сабақты оқушының өзі меңгеруіне жағдай жасайды. Меңгерген жаңа тақырып бойынша салыстырулар, болжамдар жасайды, тақырыпты жүйелейді, ұмтылыс, белсенділік пайда болады. Оқушылар алған білімдері мен оған дейінгі білімдерін салыстырады.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет. Жаңалықты меңгеру мен іске асыруда дұрыс түсінбеушілік ұйымдастырушыға әр түрлі кедергі жасайтындығы белгілі.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әр түрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыдан дамыту. Сабақта сыни тұрғысынан оқыту технологиясының стратегияларын пайдаланаған дұрыс. Балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырдым. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді.

Осы педагогикалық технологияның ерекшелігіне сүйене отырып, оның тиімді әдіс-тәсілдерін жетілдіруге болады. Атап айтқанда:

- оқушыны дамытады, оқушылар шығармашылығын арттырады;
- оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіріп, білім сапасын көтереді;
- пәнге деген бейімділігі, қызығушылығы артады;

Жаңа технологияның арқасында оқушының белсенділігі артып, жан- жақты талдауға, өз ойын ашық айтуға, сын тұрғысынан ойлауға үйренеді.

Мәтінді оқып, оны өз бетінше меңгеруі әдіс-тәсілдердің тиімділігіне байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің мақсаты- оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру. Қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру. Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең негізгі жұмыс түрлерінің бірі сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Көбінесе мәтіннен оқушылар алғашқы ақпаратты ғана алып жүр. Тиімдісі қосымша материалмен танысуы. Бірақ та оқушылар оқу үшін қосымша материалдардың болмауынан, мұндай мүмкіндікке қолдары жетпей қалуы мүмкін. Ол үшін өз тәжірибемде оқушыларға бір нәрсені оқуға берердің алдында оқылған мәтін негізінде құрылған жаттығуларды орындауды тапсырамын. Мысалы, өз бетімен оқу, жұптаса оқу, топта немесе

сынып бойынша төменде берілген сұрақты талдау.

Сұрақ қойғанда жабық сұрақтардан гөрі ашық сұрақтардың қойылғаны тиімді.

Бастауыш сыныпта:

- Әңгіме кім жайлы болды;
- Кім не істеді;
- Мәтіндегі кейіпкерлер мен заттар қандай екен;
- Кейіпкерлер жайлы пікірлерің қандай;
- Басқа оқушылар үшін олардан сұрақтар дайындауын сұрау.
- Жоғары сыныпта:
- Олардың көзқарастары бойынша мәтіннің негізгі жағдайы қандай;
- Мәтіннің стилі;
- Мәтіннің тақырыбы, идеясы;
- Сендер нені өзгертер едіңдер;
- Не жаңа болды немесе таңқалдырды;
- Олар немен келіспейді;
- Қандай қорытынды жасадыңдар;
- Сіздің қойған сұрағыңызға жауап табу;
- Оқушылар қойған сұраққа жауап табу;

Тапсырманы орындаудың алдында оқушылардың мәтінді кем дегенде екі рет оқып шығуын талап етемін. Бірінші оқығанда жалпы идеяны тауып, анықтап, бөлімде қандай мәселе көтерілгенін білу үшін мәтінді оқып шығуы мүмкін. Ал екінші рет мұқият оқиды. Алған мәліметті талқылаудың алдында қайтадан ойланады. Сонымен қатар сөздік жұмыс орындалады. Мәтінмен жұмыс сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады.

Менің оқушыларым үшін мәтін қиын болса, мен не істеймін?

Өз тәжірибемде шешімін былай таптым:

Мәтінді оқу: дауыстап оқу-оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі оқушылар бірінің қатесін бірі естіп түзетіп отырады;

Іштей оқу – бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау;

Мәтінді қарап шығады. Таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін табу сұралады. Содан соң сол сөздердің мәнін сынып бойынша талқылауға болады. Егер де сынып болып бұл сөздерді білмесе, онда мұғалім көмекке келеді. Бұл INSERT әдісімен іске асырылғаны.

Мәтінді оқып, төмендегідей белгілермен белгі қойып отырады.

«V»-бұл маған белгілі;

«+»-бұл мен үшін жаңа;

«?»- түсінбедім;

«!»-өте қызықты, ол туралы сыныптастармен әңгімелесуім керек.

Мазмұнына қарау: мәтінде қарастырылған бөлімнің негізгі идеясы қандай, нені білгенін айтады. Олар мәтіндегі негізгі тірек сөзден бастайды. Тәжірибе барысында «Мені түсін» оқыта үйрету ойыны пайдалы болды. 10 шақты тірек сөзді айтады. Одан кейін мұғалім өзі дайындаған түйінді сөздерімен салыстырады. Кімнің осы түпнұсқамен сәйкес келетін сөздері көп болса, сол жеңеді.

Миға шабуыл: оқушылардың қиын бөлімді түсінулері үшін, мәтінді оқудың алдында миға шабуыл жасап алған тиімді. Сұрақ: «Бұл бөлім не туралы деп ойлайсыңдар?». Осылайша оқушылар бір – бірімен сөздік қорларымен және білетін

мәліметтермен ой алмасады.

Сұрақ қою: өз көзқарастарымен сұрақ құрастырып, оған ойланып жауап нұсқаларын ұсынады. Жауаптарын тексеру үшін қайтадан миға шабуыл жүргізуге болады. Сұрақтарды Блум таксономиясына салу.

Оқығанды айту: бөлімді сынып алдында дауыстап оқу, тоқтап мазмұнын және мәтіннің мәнін талдау.

Тәжірибем барысында мәтінді түрлі әдіспен меңгерту нәтижелі болды. Мәтін бойынша тапсырмаларды пайдаланудың бірнеше тиімді жолын айқындалады. Тіл үйрету сабақтарында мәтінді, мәтін бойынша тапсырма түрлерін ұтымды пайдаланып, тиянақты нәтижеге қол жеткізуге болатынына көз жеткіздім. Қазіргі заман талабы бойынша әр оқушы сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймайды. Соны өзі игеріп, талдап, пікір алмасу деңгейіне жетіп, даму үстінде болуын қалайды.

Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты - оқушыларға қазақ тілін меңгерту. Ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру. Қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу. Қазақ халқының әдет - ғұрпын, тарихын танып білуге талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс-тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең күрделі жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Мәтінмен жұмыс дегеніміз – сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады. Олар:

1. Дыбыстармен жұмыс.
2. Сөздіктермен жұмыс.
3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту.
5. Ережемен жұмыс.
6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Мәтінмен жұмыс жоғарыда айтылған сабақ кезеңдерін бір жүйеге келтіреді. Мәтінмен жұмыс істегенде әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Бірақ сол қолданылатын әдіс - тәсілдердің мақсаты оқушыларға айқын болуы керек. Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар - балаларды қазақша сөйлетіп үйрету. Сұраққа жауап бергізу, өздерін бір - бірімен сөйлестіру. Оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Осыған орай оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгерту. Қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі. Кітаптағы мәтіндердің күрделілігі сол мәтіндермен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне сай болуы керек. Осыған байланысты мәтінмен жұмыс істеуді түрлі әдістермен жүргізуге тырысамын. Мәтінмен жұмыс істеудің алғашқы түрі - мәтінді дұрыс оқи білуге дағдыландыру. Ол үшін қазақ тілінде оқудың төмендегідей ерекшелігін меңгерткен дұрыс.

- Қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы, жазылуы.
- Ол дыбыстарды айтылу, жазылу жағынан бір-бірінен ажырата білу.
- «О» дыбысының қазақ тілінде ешқандай өзгеріссіз болатынын орысша айтылуымен салыстыра түсіндіру.

Мәтінді оқудың мынандай түрлерін пайдаланамын:

- а) Дауыстап оқу. Оқушының мәнерлеп оқуын қадағалаймын. Оқушылар

бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

ә) Іштей оқу. Оқушылардың шапшаң оқу дәрежесі анықталады. Мысалы, оқушыларға іштей оқу үшін мәтіні беріледі. Қай жерге дейін оқу керектігі айтады. Әркім белгіленген жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін айтады. Осыған қарап мұғалім олардың оқу шапшаңдығын анықтайды.

б) Араласып, кезекпен оқу.

в) Буынға бөліп оқу.

г) Мәнерлеп оқу.

Оқушының мәтінді түсіну қабілетін әр түрлі әдіс – тәсілдер қолдана отырып анықтауға болады. Бұл жерде күнделікті сабақ сайын мәтіннің бір сөзін қалдырмай аударып, тек осындай аударма жұмысымен шектеліп қалмау керек. Ол балаларды зеріктіріп, ынтасын кемітіп, ойлану қабілетін тежейді. Сол себепті әр түрлі әдістерді қолдануға:

1. Мәтінді қазақ тілінен орыс тіліне аудару;
2. Оқыған мәтіннің мазмұнын айтқызу, қазақ тілінде жеткізуге қиналса, орыс тілінде айтқызу;
3. Мұғалімнің сұрағына дайын жауап беру;
4. Берілген мәтіндегі ойды бірнеше сөйлемдер арқылы айтып беру;
5. Оқыған мәтінге немесе бөлімге тақырып қою;
6. Үлестірмелі кәртішкелерге мәтінді түсінгенін айтуға көмектесетін тірек сөздер жазылады. Сол бойынша мәтіндегі ойды әңгімелейді;
7. Мәтіннің мазмұнына сай келетін суреттерді таңдап алып, соларды пайдалана отырып, әңгіме құрауға болады;

Жоспар құрғызып, мәтіннің мазмұнын түсінгендерін тыңдау. Мәтінмен жұмыс істеу мұғалімнің жан-жақты ізденуін, дайындалуын қажет етеді. Мұғалім барлық жұмыс түрлерін қадағалап отыруы тиіс. Мәтінді толық түсіну үшін арнайы тапсырмалар беріледі, олар оқылады.

Мәтін бойынша төмендегідей тапсырмалар беруге болады:

1. Сөздікпен жұмыс;
2. Жай сөйлемнен сұраулы сөйлем жасау жұмысы;
3. Сөйлемдерге жауап беру;
4. Синоним, омоним, антоним сөздерін табу;
5. Сөздерді септеу, жіктеу жұмысы және т.б.

Осындай тапсырмалар арқылы оқушылар мәтінді меңгереді. Бұл тапсырмаларды орындау барысында мұғалім бақылау жүргізеді. Жібержен қателерін үнемі дер кезінде түзетіп отыруы тиіс.

Осындай жұмыс түрлерін өткізе отырады. Мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде оқушылардың ой – өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Мәтін - адамдар арасындағы тілдік қатынас, яғни, адам ойын мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды. Мәтін – ойлау, хабарлау, қабылдау, баяндау құбылыстармен тығыз байланысты. Адамдар арасындағы тілдік қатынасын іске асуына негіз болатын жүйелі тұлға.

Қазақ тілі сабағын оқытуда жаңа технологияның өзіне тиімдісі қолданылады. Оқушының мүмкіншіліктеріне қарай деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар, тіл байлығын, сөздік қорын байытуға арналған мәтінмен жұмыстүрлерін ұйымдастырылады. Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана, оқушылардың білім сапасын жоғары көтере алады. Білім сапасын көтеру дегеніміз – оқушыны жоғары деңгейге көтеру. Осы мақсатты алға қоя отырып, тіл

үйретуде мәтінмен жұмыс түрлерін тиімді пайдалансақ, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысы қалыптасады.

Мәтінді оқу және түсіну дағдылары бастауыш сыныптардан бастап дамытылу керек. Және әр түрлі мәтіндер ұсынылуы керек. Мысалы, 5-сыныпта ұсынылып отырған тапсырмалар сыни, шығармашылық ойлауды дамытуға және оқу мақсатына жетуге көмектеседі. Оқу мақсаттарына жетуде оқу сауаттылығын дамыту үшін тапсырмалардың әртүрлі түрлерін пайдалану ұсынылады. Төменде мәтіндер мен тапсырмалар ұсынылған. Бұл мәтіндерді сабақтың тақырыбына қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында да пайдалануға болады. Мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» акцияларын ұйымдастыруға болады.

3-мәтін

Қасым ұста іске жарайды-ау деген мүйіздерді жыл он екі ай бойы жинап жүретін. Оның ішінде киіктің, арқардың, сиырдың, серкенің мүйіздері де болатын. Ол соның бәрін күн тимейтін саялы қалтарысқа жинап қоюшы еді. Көктем шығып, ел жайлауға көшерде Қасым қыстау қасынан ағатын бұлақтың табанындағы қара қорыс, көгала сазды белшесінен қазып, мүйіздерді көміп кететін.

Жаз өтіп, ел қыстауға оралғаннан бір, бір жарым айдан кейін Қасым ұста көктемгі көмбенің тоңын ойып, мүйізді үйге алып келеді. Оларды үйге әкелісімен жылы суға салып, саз-топырағын жуып тастайды. Ұста оларды барынша әрлеп, әсемдеп, ожау, қамшы сап, құты-сауыт, тарақ, көзілдірік жасап шығаратын.

Тапсырма: сұрақтарға жауап беріңдер
Қасым ұстаның айналысатын кәсібі не?
Қасым ұста мүйіздерді қай жерге жинап қоюшы еді?
Ұста мүйіздерден қандай бұйымдар жасап шығаратын?

«Аспан әлемінің құпиясы» бөлімі

4-мәтін

Жер-суды танып қарастыратын қазақ топонимдік фольклорына қатысы бар саланың бірі – аспан денелеріне байланысты атаулар. Ежелгі қазақ халқы жазу-сызу болмаған кезде аспанға қарап, келешекті болжаған, табиғат құбылыстарының реттілігін, сипатын айқындай білген. Аты айтып тұрғандай, бұл сала аспан әлемі мен кеңістік, ғарыш сферасы мен оның халық танымындағы көрінісін қарастырады. Ескеретін бір жайт, космологияның аясына кіретін түсініктер түрлі уақыттың өлшемінен трансформацияланған. Қазақ тумысынан өз өмірін жұлдызға «аманаттайды». Бұл – халық арасында әр адамның өзінің жеке жұлдызы болады, жер бетінде қанша адам болса, сонша жұлдыз бар деп есептегеннен туған дүние. Ел арасындағы «менің жұлдызым», «жұлдызың оңынан тусын» немесе «жұлдызы жанған» деген тіркестер осының айғағы. Егер адамның жұлдызы жарқырап айқын жанса, онда жердегі жұлдыздың иесі бақытты адам деп есептелген. Ал адам өлсе, оның жұлдызы ағып түседі деп есептелген. Мұндай түсініктерді ежелгі анимистік танымнан туындап, қалыптасқан ұғымдар деуге болады.

Тапсырма: сұрақтарға жауап беріңдер
Егер адамның жұлдызы жарқырап жанса ...
Халықтың жұлдызға қатысты түсініктерінің бірі

«Компьютердің тілін табу - өнер» бөлімі

5-мәтін

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі – мықты, жас жігіт. Аюды көрген соң бұл жігіт

ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да, созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

– Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті?

Ауру айтты дейді:

– Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, – дейді.

Ыбырай Алтынсарин «Жаман жолдас»

Тапсырма:

Мәтінің мазмұны бойынша оқиға желісін жазыңдар

1. Басталуы
2. Негізгі бөлім
3. Қорытынды бөлім

6-мәтін

Атасы он жасар ұлымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

– Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?

– Көремін, өрмек тоқып жүр.

– Анау құмырсқаны көремісің?

– Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.

– Жоғары қара, аспанда не көрінеді?

– Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.

Сонда атасы айтты:

– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң өзіне азық етуге. Құмырсқа балашағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, – деді.

Ыбырай Алтынсарин «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі

Тапсырма: сұрақтарға жауап беріңдер

Берілген мәтін қай стильде жазылған?

Мәтінің тәрбиелік мәні неде?

Мәтінге ат қойыңдар.

7-мәтін

Жаздың бір әдемі күнінде, таңертең бір бақшаны баласымен бақшаға барып, жеміс ағаштарын көріп жүреді. Баласы әкесінен:

— Әке, мынау ағаш неге түп-түзу, ал мынау ағаш неге қисық?— деп сұрапты.

Әкесі:

— Оның себебі, балам, анау ағашты күткен, суарған, қисық бұтақтарын кесіп тастап, ертелі кеш тәрбиелеген. Сондықтан ол ағаш түп-түзу болып, жақсы өскен,— депті.

— Олай болса, бағу, тәрбиелеуде көп мағына бар екен ғой, әке?- депті баласы.
— Бағу, тәрбиелеуде көп мағына барында шек жоқ, шырағым. Мұнан көп ғибрат алу керек. Сен шыбық сияқтысың. Саған да тәрбие керек. Мен сенің қате істеріңді түзеп, жақсы ақыл айтсам, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы болып өсерсің. Ал айтқан ақылды құлағыңа алмасаң, бетіңмен кетсең, тәрбиеге көнбесең, мынау ағаш сияқты қисық болып өсерсің, - депті әкесі.

1. Мәтіннің түрін анықтаңыз

- A) әңгімелеу
- B) суреттеу
- C) сипаттау
- D) пайымдау

2. Ағаштың түзу өсуін әкесі қалай түсіндіргенін мәтіннен тауып жазыңыз.

3. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайтын тұжырым

- A) Үлкенге – құрмет, кішіге -ізет
- B) Әкені ақылы алтындай
- C) Бағып-қағуда көп мағына бар
- D) Асыл - тастан, ақыл- жастан

4. Оқиға өткен орын

- A) орман
- B) үй
- C) бақша
- D) мектеп

5. Мәтіндегі әкенің жауабынан қандай ғибратты ой түйгеніңді түсіндіріп жазыңыз

8-мәтін

Екі дос үй-үйдің арасымен әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі – Ақселеу де, екіншісі – Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын, демікпе сырқаты болатын. Бір үйдің жанынан өте бергенде, дәу қара төбет абалап үріп шыға келді.

– Ақселеу, қаш, әне, ит келіп қалды!–деп, Абыз айғайлап жүгіре жөнелді.

– Ақселеу жерден бір шыбық алып, қашпастан итке қарсы ұмтылды. Бірақ оның шалбары жырым-жырым болды. Абыз Ақселеудің жанына келіп:

– Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашсаң, сен де аман қалатын едің,– деді.

– Мен қашсам, денсаулығың жоқ, алысқа жүгіре алмайтын сен тұтылып, мен құтылатын едім. Сені қорғап қалу үшін әдейі қашпадым,–деді Ақселеу.

– Ақселеу бала да болса, азамат екен! – деді екеуінің әңгімесін тыңдап тұрған бір ақсақал сүйсініп.

«Ромашка гүлі» әдісі бойынша тапсырма. Алты жапырағына жазылған сұрақтар:

1. Шығарманың кейіпкерлері кім еді?
2. Ақселеу дәу қара төбеттен қашпады. Бұл рас па?
3. Неге Ақселеу дәу қара төбеттен қашпады?
4. Абыздың алысқа жүгіруі мүмкін бе? Қалай ойлайсындар?
5. Ақселеу дұрыс жасады ма?
6. Сен не істер едің?

Мәтіннің мағынасына орай мақал-мәтел келтіріңдер.

9-мәтін

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-ұсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:

— Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа — тамақ, жалаңашқа — киім, үйсіздерге — үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? — деп.

Жомарт айтты дейді:

— Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен таңнан бір-ақі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, — деді.

Тапсырма: сұрақтар

Атымтай жомарт қандай адам болды?

Бір мезгіл үстіне қандай киім киіп тұрған? Неге олай істеген?

Мәтіннің мазмұнына сай келетін мақалды келтіріңдер.

10-мәтін

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы, халқымыздың тұңғыш ғалымы. Академик Қаным Имантайұлының өмірі, қызметі, ғылыми еңбектері туралы біраз кітаптар бар. «Өнегелі өмір» сериясында Мәскеуде «Сәтбаев» ғұмырнамасы орысша, кейін қазақша шықты. Ғылыми еңбектерінің көпшілігі минералдық ресурстарды зерттеуге арналған.

Жамал Қаңлыбаева – тау-кен ісі жөнінен қазақтың тұңғыш ғылым докторы атағын алған әйел. Ол бұл атақты 1966 жылы қорғап, екі жылдан соң профессор дәрежесіне көтерілді. Атқарған істері үшін Жамал Қаңлыбаева «Құрмет білгісі» орденімен марапатталады.

Әлімхан Ермеков – қазақтың математика саласындағы тұңғыш профессоры, қазақ тіліндегі алғаш жарық көрген «Жоғарғы математика курсы» оқулығының авторы.

Әбікен Бектұров 1901 жылы Павлодар облысында Баянауыл ауданында дүниеге келген. Қазақтың Ұлттық академиясының академигі болды. Ә.Бектұров – тұңғыш техника ғылымының докторы.

Тапсырма: сұрақтар

Қаныш Сәтбаев кім?

Мәтіннен қандай ғалымдар туралы мәлімет алдыңдар?

6-сынып

«Отан отбасынан басталады» бөлімі

11-мәтін

Фариза Оңғарсынқызы Оңғарсынова – қазақ ақыны, халық жазушысы, журналист, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты. Фариза Оңғарсынова 1939 жылы Атырау облысында дүниеге келді.

1961 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетін бітіріп, қазақ орта мектептерінде мұғалім болып жұмыс істеген. Республикалық газет-журналдарда бас редактор болып қызмет атқарған.

1996-2004-ші жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің I және II шақырылымдарының депутаты.

2014 жылы Астана қаласында ұзақ сырқаттан дүниеден өтті.

Шығармалары: «Алмас қылыш», «Үйім менің - Отаным», «Мен» т.б.

Тапсырма: сұрақтарға жауап беріңдер

Фарида Оңғарсынова туралы қандай мәлімет алдым? Ол туралы не білгім келеді?

«Қазіргі қазақ ауылы мен тыныс-тіршілігі» бөлімі

12-мәтін

Әнуарбек Дүйсенбиев— балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, аудармашы, балаларға арналған прозалық шығармалардың авторы, журналист. 1931 жылы 25 қазанда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылында туған.

Қазақ мемлекеттік университетін және БЛКЖО Орталық комсомол мектебін бітірген. Ұзақ жылдар "Балдырған" журналының жауапты хатшысы, "Жалын" баспасында бөлім меңгерушісі, "Жазушы" баспасында аға редакторлық қызмет атқарған.

Балаларға арналған «Ақтайлақ», «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ», «Доп» және тағы басқа көптеген кітаптары бар. М.Ю.Лермонтов, Дж.Родари, С.Маршак, С.Михалков, А.Барто, М.Жалил, Я.Колас, Тоқтағұл секілді ақындардың өлеңдерін қазақшаға аударған.

Тапсырма:

Әнуарбек Дүйсенбиевкім?

Әнуарбек Дүйсенбиев қайда туған?

Қандай кітаптары бар?

13-мәтін

2018 жыл Түркияда қазақ әдеби Апам соғым сайын «мынау-сенің шұжығың» деп, балаларға бір-бір шұжықжасап беретін.Тошала үйге кіріп, өз шұжығымызға қарап жүреміз. Шұжықты жегіміз келетін. «Ұзынсары келгенде жейсіңдер» деп апам кейінге қалдыра береді. Ал «ұзынсары» қонақтың қашан келетіні белгісіз.

Бір күні балалармен асық ойнап жүрсем, бір ұзын, сары кісі келді. Ойынды қоя салып, үйге қарай ұштым:

Апа, «ұзынсары» келді. Шұжықты ас! – дедім.

Апам күліп, қонақты үйге кіргізді. Қонақты дастарқан басына жайғастырды.

Сөйтсем, ол Көктал жақта тұратын Сарыбай деген шал екен. Апам «ұзынсары» дегенде, кісіні емес, Наурыздың ұзақ сары күнін айтатынын кейін білдім.

Тапсырма:

Мәтін нешінші жақтан айтылған?

Апам жылда балаларына не дйындапты?

«Ұзынсары» деген не?

«Қуат көзін үнемдей білеміз бе?» бөлімі

14-мәтін

Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың жылы болып жарияланды. Биыл көрнекті ақынның туғанына 125 жыл толады. Бұл ретте осы елдің Кастамону қаласында мәдени шара өтті. Оған 10-нан астам мемлекеттен қайраткерлер, ғалымдар, саясаткерлер мен ақын - жазушылар жиналды. Алқалы жиынға Солтүстік Қазақстан облысынан да арнайы делегация барды. Басқосуға қатысушылар ақынның өмір жолын, шығармашылығын ғана айтып қоймай, оның бауырлас халық үшін жасаған жақсылығын да сөз етті. Ұлы тұлғаның 125 жылдығы ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бастамасымен Түркия астанасы Анкарада да тойланады. Сонымен қатар, биыл Мағжанның 26 өлеңі түрікшеге тәржімаланып, жеке жинақ болып жарық көрді.

Тапсырма: сұрақтар

Берілген мәтін қай стильде жазылған?

Мәтін мазмұны бойынша әйгілі ақынның қай жылы дүниеге келгенін анықтаңыз.

«Кластер» құру

15-мәтін

Мен туғанда әкем елуді ең серіп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді «балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды» деп отырар еді.

Әкем өз бетінше талпынып жүріп, ескіше сауатын ашып алыпты. Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Жас күнінде ағаш ұстасы болыпты, етікші де атаныпты. Тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күнінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда да тастамаған. Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын- тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын-жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді.

Б.Момышұлы

Тапсырма. Мәтіннің тірек сөздерін табыңдар.

Мәтіндегі «еті тірі» тұрақты тіркесінің мағынасын ашатын сөзді табыңыз.

Қате тұжырымды көрсетіңіз:

- Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа түсіп жүріпті.
- Әкем жастайынан аңшылыққа, саятшылыққа қызығып, құмартып жүреді екен.
- Тәуіпшілдігі де бар екен.

16-мәтін

Сүлейменов Бейсенбай Жолдасбекұлы— жазушы, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты, публицист, қоғам қайраткері. Қазақстан Журналистер одағының, Бейбітшілік және Келісім кеңесі сыйлықтардың иегері. Бейсенбай Жолдасбекұлы республика балалары мен жасөспірімдері өміріне белсене араласып келеді.

2009 жылы Астана қаласында Білім және ғылым, Байланыс және ақпарат, Мәдениет министрліктерінің ұйытқысымен аталмыш жазушының кітаптары фестивалі өтті.

Жазушының "Хан шатырындағы кездесу" тарихи-танымдық, ертегі-повесі — қазақ балалар әдебиетіндегі тың құбылыс, соны туынды десек артық айтқандық емес. "Күннен келген адам" кітабы жазушының көп жылғы еңбегінің жемісі іспетті.

Тапсырма:

Сүлейменов Бейсенбайдың өмірінен қандай ақпарат алдыңдар?

Не қызықтырды?

Қандай шығармаларымен таныссыңдар?

«Күннен келген адам» шығармасы не туралы деп ойлайсыңдар?

17-мәтін

Қобыз – қазақ халқының көнеден қалған музыкалық аспабы. Қобыздың арғы тегі садақтан шыққаны ғылыми түрде дәлелденген. Халық аңызы мен Орта Азия ғалымдарының кейбір деректеріне қарағанда ғасырлар сырын жетелейтін қоңыр үнді, киелі аспапты VIII-IX ғасырларда Қорқыт жасаған деседі.

Музыкатанушы Бектай Әлімбаев «Қобыз қайдан шыққан?» атты мақаласында: «Жалпы, ішекті аспаптарымыздың шығу тарихын, бұлардың қалай, қашан пайда болғанын бірден «былай еді» деп, дәл айту өте қиын. Себебі, осы күнге дейінгізденулер мен зерттеулер ұлттық аспаптардың пайда болуы жайлы бірізді, нақты пікірге келген жоқ. Қайсыбір ғалымдар ішекті аспаптарды (адырна, қобыз, шертер, жетіген, домбыра) ұрмалы аспаптар (дабыл, даңғыра) негізінде пайда болды десе, енді кейбірі кәдімгі садақты ғасырлар бойы жетілдіргеннен пайда болды деп есептейді.

Тапсырма:

Мәтін мазмұны бойынша қобыз аспаптың қай түріне жатады? Мәтінге ат қойыңыз.

Қобыз үнін неге ұқсатасың?

18-мәтін

Қорқыт жасынан өте ұғымтал, құймақұлақ болып өседі. Сол кездегі аспаптардың бәрінде ойнайды екен. Алайда Қорқыт оған қанағаттанбай, адам менжануардыңүнін, табиғаттағықұбылыстармендыбыстардыжеткізетінжаңа бір аспап жасағысы келеді. Он ойланып, тоғыз толғанады. Қарағай ағашынкесіп әкеліп, одан бір нәрсенің жобасын жасайды. Бірақ ары қарай қалай не істерін білмей қиналады. Күндер осылай өте береді.

Бір күні шаршап отырып, көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсіне періште енеді. Ол балаға: «Қорқыт, жасаған қобызың 6 жасар нар атанның жілігіндей екен. Енді оған нар терісінен жасалған шанақ, ортекенің мүйізінен ойылған тиек, бесті айғырдың құйрығынан тартылған қылішек жетпей тұр. Осылар болса, аспабың сайрағалы тұр екен», – деп кеңес береді. Қорқыт ұйқысынан ояна салып, осы айтылғанның бәрін жасайды.

Тапсырма: сұрақтарға жауап беріңдер

Мәтіннің бірінші сөйлеміндегі «құймақұлақ» тіркесінің мағынасы қандай?

Мәтін бойынша Қорқыттың қобызының шанағы неден жасалған?

«Астана – мәдениет пен өнер ордасы» бөлімі

19-мәтін

Әкім Ысқақ1960 жылы 3 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Бөржар ауылында дүниеге келген. Ақын, жазушы, журналист, сазгер, сатирик.

Ақынның «Күн ұлымын», «Біздің Бапақ» атты өлеңдер жинақтары бар.

М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін тәмамдаған. Орта мектеп мұғалімі, "Лениншіл жас" газетінің меншікті тілшісі болды, жергілікті мемлекеттік органдарда қызмет етті. Қазақстан журналистер Одағы сыйлығының лауреаты.

Тапсырма:

Ақын туралы алған ақпарат бойынша өз ойыңды айтыңдар

20-мәтін

Әкесі өлерінің алдында баласына өсиет айтты: «Жақсы жүр, ешкімге жалынба, бөтен біреу саған жалынатын болсын. Және де ішкен тамағың тәтті көрінетін болсын, сонда бай боларсың», - деді. Әкесі дүниеден қайтты. Баласы әкесі айтқан қалыпша ешкімге жалынбай, жақсы тамақ ішіп, жақсы киім киіп жүрді. Бірақ кедей бола берді. Бір күні ол туған ағасына барып, әкесінің айтып кеткен өсиетін айтты. Сонда ағасы оған айтты: « Сен әкеңнің айтқан өсиетін түсіндеген екенсің,- деп.- Сен жұмысқа ерте шық, сонда сен біреуге жалынбайсың, саған біреу жалынады, жұмыстан кеш қайт, сонда саған ішкен тамағың тәтті көрінеді, әм бай боларсың».

Сонда баласы әкесінің айтқан өсиетіне түсініп, орнына келтіріп, жақсы тұра бастады.

Тапсырма: сұрақтар

Әкесі баласына қандай өсиет айтты?

Бала әкесінің өсиетің қалай түсінді?

Бала неге жақсы тұра бастады?

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны. Сонымен қатар оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Өйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылады. Меңгеруге ұсынылған мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді. Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан. Грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады.

Оқушының ойлау қабілетін байытуға игі ықпал ететін жаңаша оқытудың бір түрі – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау әдісі, оқытуда дамыған технологияға жатады. Бұл иллюстративті-түсіндірмелі, ішінара іздену. Проблемалық, пікір-сайыс, ойын, шығармашылық, өзін-өзі дамыта оқыту әдістерінің жиынтығы. Сын тұрғысын оқу-тәрбие үрдісінде басқару мен ұйымдастырудың тиімділігі оқушылардың өз алдына белсенді дамуына негізделеді.

Бұның мақсаты – барлық жастағы балаларды кез келген мазмұнға сын тұрғысынан қарауды үйрету. Кез келген қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін шеше алатын болу. Әр түрлі жағдайларды сын тұрғысынан қарауға, екі ұйғарым пікірдің біреуін тандауға, сапалы шешім жасауға үйрету қажеттігі айдан анық болып тұр.

Сын тұрғысында ойлау әдісі мұғалім қызметінде - бұл ұйымдастыра оқыту. Оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталған. Сонымен бірге әрбір ақпаратқа, өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шындалған ойлау. Бұл технологияның ішкі құрылымында ерекшелік бар.

Бұл құрылым үш деңгейден тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс.

Сын тұрғысында ойлауды үйрету үшін мына төмендегі шаралар орындалуы шарт.

- 1) Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт беру арқылы мүмкіндік жасау
- 2) Оқушыларға ойлануға рұхсат беру.
- 3) Оқушылардың әртүрлі идеялары мен пікірлерін тыңдау.
- 4) Үйренудегі оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау.

1. Сенімділік.

Мұғалімнің іс-әрекеті:

- Топқа бөліп ой қозғайды
- Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды
- Шығармадағы ең қажетті, құнды нәтижені анықтауды ұсынады.
- Шығарманың тілдік ерекшелігі туралы сұрақ тастайды
- Ойларын жазуды ұсынады
- Қорытындылауға бағыттайды

Оқушылар іс-әрекетіндегі өзгерістер

1. Бірлесіп жұмыс істеуге, шешім қабылдауға, өзі білмегенін үйренуге, білгенін ортаға салуға үйретеді.

2. Ұжымдық, жұптық, топтық жұмыс істеу дағдылары қалыптаса бастайды.

3. Білімді өз бетінше іздеуге, салыстыра болжауға, ойын еркін жеткізе білуге дағдыланады.

4. Оқушылар сабақтың басынан-бастап білімді игеруге белсене кіріседі, қызығушылығы артады.

5. Сабаққа енжар қатысып отырған оқушыларда ерекше белсенділік пайда болады.

6. Өзін-өзі бағалауға

7. Саралауға

8. Өз пікірін қалыптастыру «мен» деген рөлін көтеру. Сонда, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Білім беруді жаңарту оқушылардың тек теориялық білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын дамыту керек. Атап айтқанда, оқу сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады деген сөз. Сондай-ақ білім беруді жаңарту қазіргі кездегі оқу-тәрбие процесінде оқушылардың елжандылық және адамгершілік қасиеттерін бойларына сіңіру керек. Төзімділікке, рухани дамуына, заңды құрметтей білуіне бағыттайды және бұл құндылықтар қазіргі оқу-тәрбие үдерісінде негіз болуы тиіс. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болғандықтан, оқушылар бойында өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында болуы тиіс. Мұғалімдер әрбір оқу жылында нені оқыту керектігін және оқу сапасы қандай болу керектігін нақты білуі қажет.

Халықаралық зерттеуде меңгерілген мәтін мазмұнын бағдарлау, оның мағынасын толық түсіну, ақпаратты табу мен мәтінді түсіндіру секілді мәтінді толығымен түсінуді көрсететін біліктілік бағаланды. Осылайша, мәтінді толығымен түсіну білімгердің дағдылардың әрбір біліктілік бойынша құзыреттілік деңгейіне меңзейді. Мәтін мазмұнындағы жалпы бағытты айқындау қамтылады. Және оның тұтас мағынасын түсіну басты тақырыпты, жалпы мақсатты, немесе мәтіннің міндетін анықтауды қамтыды. Бұл үшін мынадай тапсырмалар ұсынылды:

мәтіннен ақпаратты таңдап алу және оған тақырып ойлап табу;
әтіннің жалпы мағынасын көрсететін тезис тұжырымдау;
мәтінде ұсынылатын нұсқаулар тәртібін түсіндіру;
кескіннің немесе кестенің негізгі бөліктерін салыстыру, картаның, суреттің міндетін түсіндіру және т.б.

Мәтіндегі ақпаратты табу біліктілігін бағалау үшін орындау барысында зерттеуге қатысушы мәтінді «көзбен сүзіп» өтеді. Оның негізгі элементтерін анықтайды. Және қандай да бір болмасын сипаттамаларына қарап мағыналық бірлігін (ұқсастықтарды, айырмашылықтарды, себептік-салдарлық қатынастарды және т.б. анықтау) табумен айналысу талап етілетін тапсырмалар қолданылды. Оқу сауаттылығын бағалау үшін білімгерлерге мәтінде берілген ақпаратты салыстырып көреді. Автордың ойын білу, жауапты дайындау барысында әлем туралы өз пайымдауына сүйеніп, өз ойын қорғайтын дәлелдер келтіру ұсынылады.

Осылайша, «білімгерлердің оқу функционалдық сауаттылығы» бағытындағы зерттеу инструментарийі оқу ғана емес, сонымен қатар адамның мәтінмен қатынасының түрлі жағдайларының жеке аспектілерін де ескереді.

Оқушылардың оқу сауаттылығы зерттеуінің халықаралық тест тапсырмалары негізінде педагогикалық ұжымдар мен жаңашыл-мұғалімдер жеке ұлттық сұрақтар базасын құрастырады. Ол тек оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға бағытталып қойылмайды. Сонымен қоса болашақ жастардың білім жетістіктерінің маңызды факторы ретінде ең алдымен оқу мәдениеті мен дағдыларын құрастыру қарастырылады. Бұл бірегей зерттеулер еліміздің балалар тәрбиесінде қарапайым оқу мәдениеті мен дағдыларын дамытуға бағыттайды. Оқушының оқу сауаттылығына байланысты дағдысын қалыптастыру, тәрбиелік іс-шаралар және қосымша білім беру сияқты оқу компоненттерінің тығыз байланысы жоғары жетістіктерге жеткізеді.

Қорыта келе, мектептегі оқыту үдерісінде оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда жоғарыда аталған ұстанымдардың қай қайсысының да қызметі ерекше. Себебі, бұл ұстанымдардың негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісі оқушылардың берілген білімді жүйелі, терең, берік болуы керек. Сабақтастықта және біртұтастықта, ғылыми білімдер жүйесін практикамен байланыста келу керек. Жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге, нақтыдан белгісізге қарай жүретін бағытта белсенді түрде әрі қызығушылықпен меңгеруін қамтамасыз ете алады. Сондықтан да мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктерін қарастыру барысында оларды тығыз байланыста. Оқытудың мақсат-міндеттері мен мазмұнына тәуелділікте жүзеге асырудың маңыздылығын байқаймыз. Пәндік білім, ептілік және дағдыларға сүйене отыру. Оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту процесі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Функционалдық сауаттылық қалыптастыру процесі жекелеген пәндермен іс-әрекеттерді игеруде білім, ептілік, дағдының құзыреттілікке көшуі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, Астана 2024 ж.
2. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы.
- 3.«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы.
- 5.Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2020.
6. Даулетова Н.А. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар /PISA халықаралық зерттеулері бойынша/ әдістемелік құрал. – Атырау, 2019.
7. Тілдік пәндер сабақтарына қажетті мәтіндік оқу материалдарын таңдау бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.
8. Халық ертегілері.// Аруна LTD ЖШС, 2013
9. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық ісқимыл жоспары.- Астана:2012
- 10.Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында функционалдық сауаттылықты арттыру барысында жаңа әдіс - тәсілдерді жүйелеу/ Нуржанова Р.С. Асанова Г.А. Туремуратова Г.Д., - Алматы, 2024 ж.
11. Бастауыш сыныптарда оқушылардың мәтінді оқу мен түсіну сапасын зерттеу. Р.Қ.Есімханова Білім. 2016ж.
12. Қазақ тілінен фнукионалдық сауаттылық дамыту. Жалпы білім беретін 5-7 сынып оқушыларына арналған оқу-әдістемелік құралы. Г.К.Синбаева, З.Н.Ауғанбаева. 2020ж.
13. Оқу сауаттылығы: оқу құралы. Р.Т.Наралиева. Алматы, 2020ж.
14. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы. Г.Т.Дүйсенбаева, А.С.Ибраева, К.С.Садуаева. – Қостанай, 2003ж.
- 15.PISA халықаралық зерттеуін. Әдістемелік құрал. Астана, ҰББСБО, 2012ж. ++